

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың айналымы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 395 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 28 мамырда № 11211 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 254 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Ішкі істер министрінің 27.03.2020 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.03.2017 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) "Азаматтық пиротехникалық заттарды және олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату, пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;

3) "Жеке және заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын комиссиялық сатуға жолдама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес;

4) "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге қорытындылар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес;

5) "Жеке және заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес;

6) Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 16.03.2017 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

7) "Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алуға, сақтауға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес;

8) "Атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашуға және олардың жұмыс істеуіне рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 16.03.2017 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры Е.З. Тургумбаевқа және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитетіне (И.В. Лепеха) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі

Қ. Қасымов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

_____ Ә. Исекешев

2015 жылғы " ____ " _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі
_____ Е. Досаев
2015 жылғы 19 мамыр

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 24 сәуірдегі
№ 395 бұйрығына
1-қосымша

"Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 30.11.2018 № 867 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің аумақтық бөліністері (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру " электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі - Портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде - 15 (он бес) жұмыс күні;

заңды тұлға-лицензиатты бөліп алу немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастырған кезде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде - 15 (он бес) жұмыс күні;

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде - 3 (үш) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын Портал арқылы алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны - электрондық түрде (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі - азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, қайта ресімдеу не осы стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайлар мен негіздер бойынша электрондық нысанда мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсетілгені үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 554-бабына сәйкес мемлекеттік баж алынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша бюджетке жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым төленеді:

1) осы қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия беру кезіндегі лицензиялық алым 10 (он) айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі - АЕК) құрайды;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды, бірақ 4 (төрт) АЕК-тен аспайды.

8. Порталдың жұмыс кестесі - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері. Арыздарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не заңды тұлғалар үшін оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі Порталда:

1) лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында сұрау салу;

кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақтың электрондық көшірмесі;

қаруды иеленуге қарсы көрсетпелердің жоқ екені туралы медициналық қорытындының электрондық көшірмесі;

қаруды ұстаудың қауіпсіздік ережелерін білуін тексеру туралы анықтаманың электрондық көшірмесі;

2) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін:

қару әзірлеу саласындағы нормативтік техникалық құжаттар, қарудың негізгі (базалық) модельдеріне және (немесе) патрондар типтеріне конструкторлық құжаттамалар жиынтығының электрондық көшірмесі;

құрал-жабдық пен аппаратураға меншік немесе жалға алу және өндірістік-техникалық базаны жалға алу құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі;

объектіні пайдалануға қабылдау және өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын қабылдау актілерінің электрондық көшірмесі;

әзірлеуге жоспарланған қару мен оның патрондарының тактикалық-техникалық сипаттамалары көрсетілген техникалық құжаттаманың электрондық көшірмесі;

қару мен оның патрондарының тәжірибеден өткен модельдерін қауіпсіз әзірлеу жөніндегі техникалық құжаттаманың, нұсқаулықтардың, ережелер мен нормативтік техникалық құжаттардың электрондық көшірмесі;

үшінші тұлғаларға келтірілетін зиянды өтеу жөніндегі сақтандыру шартының электрондық көшірмесі;

күзет қызметтерін көрсету шартының электрондық көшірмесі;

3) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын жасау жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін:

қару мен оның патрондарын жасау мәселелері жөніндегі нормативтік-техникалық және ғылыми-техникалық құжаттар жиынтығының электрондық көшірмесі;

өндірістік-техникалық базаны жалға алу құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі;

объектіні, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмесі;

қару мен оның патрондарын жасауға ниет білдіру туралы хаттаманың немесе қаруды сатып алу және пайдалану құқығы бар субъектімен шарттың (келісімшарттың) электрондық көшірмесі;

жасауға жоспарланған қару мен оның патрондарының тактикалық-техникалық сипаттамалары көрсетілген техникалық құжаттаманың электрондық көшірмесі;

жұмысты қауіпсіз жүргізу жөніндегі техникалық және есепке алу құжаттамасының, нұсқаулықтардың, ережелер мен нормативтік-техникалық құжаттардың, сондай-ақ материалдарды, жартылай дайындалған өнімдерді (дайындамаларды), жинақтаушы бөлшектерді, дайын және ақау бұйымдарды есепке алу, сақтау: бөлшектерді, құрастыру бірліктерін және дайын бұйымдарды жасау, тасымалдау және сақтау процесінде оларды есепке алу жөніндегі құжаттардың электрондық көшірмесі;

үшінші тұлғаларға келтірілетін зиянды өтеу жөніндегі сақтандыру шартының электрондық көшірмесі;

күзет қызметтерін көрсету шартының электрондық көшірмесі;

4) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын жөндеу жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін:

қаруды жөндеу жөніндегі арнайы білімінің болуын растайтын құжаттардың (диплом, сертификат, еңбек кітапшасынан үзінді) электрондық көшірмесі;

мамандандырылған шеберхананы жалға алу құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі;

объектіні, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмесі;

қаруды жөндеуге арналған тиісті құрал-жабдық пен аппаратураның болуын көрсететін құжаттардың электрондық көшірмесі;

жұмысты қауіпсіз жүргізу жөніндегі техникалық және есепке алу құжаттамасының, нұсқаулықтардың, ережелер және нормативтік-техникалық құжаттардың электрондық көшірмесі;

күзет қызметтерін көрсету шартының электрондық көшірмесі;

5) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сату жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін:

қару мен оның патрондарын, аңшылық оқ-дәріні сақтауға, сатуға арналған арнайы жабдықталған үй-жайларды жалға алу құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі;

объектіні, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмесі;

күзет қызметтерін көрсету шартының электрондық көшірмесі;

б) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын коллекцияға жинау жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін:

құқық беретін құжаттардың немесе коллекциялық қаруды сақтауға арналған үй-жайды жалға алу шартының электрондық көшірмесі;

күзет сигнализациясын орнату актісінің электрондық көшірмесі;

қаруды сақтаумен объектіні (үй-жайды) күзету шартының электрондық көшірмесі;

объектіні, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмесі;

7) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын экспонаттау жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін:

құқық беретін құжаттардың немесе кілтпен жабылатын сөрелері, сейфтері немесе металл шкафтары бар, күзет сигнализациясымен жабдықталған жеке үй-жайларды жалға алу шартының электрондық көшірмесі;

объектіні, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмесі (заң тұлғалар үшін);

күзет сигнализациясын орнату актісінің электрондық көшірмесі;

қару сақталатын объектіні (үй-жайды) тәулік бойы күзету шартының электрондық көшірмесі;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, коллекцияға жинау және экспонаттау жөніндегі қызметке лицензия мәліметтерінің нысаны;

8) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында сұрау салу;

ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылатын құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болып табылатын өзгерістер туралы ақпаратты құрайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;

заңды тұлға-лицензиантты бөлу нысанында қайта құрған кезде көрсетілетін қызметті алушы лицензияланатын қызметтің тиісті түріне және (немесе) лицензияланатын қызметтің кіші түріне лицензия және (немесе) лицензияға қосымша алуға арналған құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсынады.

Порталда электрондық сұрау салуды қабылдау көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" жүзеге асырылады. Құжаттар көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті беруші жеке басын куәландыратын құжаттардың, азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу немесе жасау немесе сату немесе коллекцияға жинау немесе экспонаттау, күзет қызметі, ақшалай қаражатты инкассациялау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия туралы, заңды тұлғаны, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы, өндірістік-техникалық базаға, мамандандырылған шеберханаға, қару мен оның патрондарын, аңшылық оқ-дәріні сақтауға, сатуға арналған арнайы жабдықталған үй-жайларға, коллекцияланатын қаруды сақтауға арналған үй-жайларға, күзет сигнализациясымен, кілтке жабылатын сөрелермен, сейфтермен немесе металл шкафтармен жабдықталған үй-жайларға меншік құқығын растайтын құжаттар туралы, соттылығының, әкімшілік құқық бұзушылықтардың болмауы туралы мемлекеттік алымның төленгені, жоғары техникалық білімінің болуы туралы мәліметтерді тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден электрондық үкімет "шлюзі" арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті беруші қару сақтауға арналған үй-жайдың Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы № 1176 қаулысымен (бұдан әрі - № 1176 қаулы) бекітілген Қазақстан Республикасындағы қару мен оның патрондары айналымының ережесінің 7, 9-тармақтарының қару мен оның патрондарын сақтау, сақталуы және есепке алу тәртібі, сондай-ақ ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша есепке алу жөніндегі талаптарына сәйкестігін Порталға өтініш түскеннен кейін тексереді.

Қару сақталатын объектінің орналасқан орны өзгерген кезде көрсетілетін қызметті беруші қару сақтауға арналған үй-жайдың № 1176 қаулының 7, 9-тармақтарының қару мен оның патрондарын сақтау, сақталуы және есепке алу тәртібі жөніндегі талаптарына сәйкестігін тексереді.

Егер өзгеше Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмесе, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде портал арқылы - көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

10. Мыналар:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

- 2) Қазақстан Республикасының заңдарында осы санаттағы жеке және заңды тұлғалар үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салу;
- 3) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымды енгізбеу;
- 4) көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарға сәйкес келмеуі;
- 5) көрсетілетін қызметті алушыға жекелеген қызмет түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімі;
 - б) егер бұрын лицензия және (немесе) лицензияға қосымша заңды тұлғалар-лицензиаттарды бөлу нәтижесінде жаңадан пайда болғандар қатарынан құрылған басқа заңды тұлғаға қайта ресімделсе;
- 7) сот орындаушысының ұсынымының негізінде соттың көрсетілетін қызметті алушыға лицензия алуға тыйым салуы;
- 8) өндірістің қауіпсіздік жағдайын қамтамасыз ете алмауы, қарудың есебі мен сақталуын не осы шарттарды қамтамасыз етпеуі;
- 9) көрсетілетін қызметті алушының осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін құжаттарды ұсынуы;
- 10) көрсетілетін қызметті алушыда:
 - тұрақты тұратын жерінің;
 - қаруды сақтау үшін тиісті жағдайдың;
 - қаруды иемденуге қарсы көрсетпелердің жоқ екені туралы медициналық қорытындының;
 - қаруды қауіпсіз қолдану қағидаларын білуін тексеруден өткенін растайтын құжаттың болмауы;
- 11) рұқсаттан ерікті түрде бас тартуы не қару иесінің қайтыс болуы;
- 12) қылмыс жасағаны үшін өтелмеген немесе заңмен белгіленген тәртіпте алынбаған соттылығының болуы;
- 13) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімі бабының тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазасының ең төменгі мерзімі аяқталғанға дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босауы;
- 14) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127, 128, 131, 382, 434, 437, 438, 440, 443, 444, 448, 450, 453, 462, 476, 477, 478, 481, 482, 484, 485, 485-1, 486, 487, 489, 490, 492, 493, 506-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықты бір жыл ішінде қайта жасауы;
- 15) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 287 (бірінші бөлігінде), 288 (төртінші бөлігінде), 289, 296 (бірінші бөлігінде), 337 (бірінші және екінші бөліктерінде), 346 (бірінші бөлігінде), 379 (бірінші бөлігінде), 389 (бірінші және

екінші бөліктерінде) баптарында көзделген қылмыстық теріс қылық және Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73, 436, 453 және 461-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасауы;

16) азаматтық және қызметтік қару иесін немесе пайдаланушысын қаруды қауіпсіз қолдану қағидаларын білуін тексеруге жіберу туралы қаулыны алған күннен бастап екі ай ішінде қаруды қауіпсіз қолдану қағидаларын білуін тексеру үшін емтихан тапсырмауы;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген рұқсаттар алу мүмкіндігін болдырмайтын мән-жайлардың пайда болуы;

18) азаматтық немесе қызметтік қару иесінің көрсетілген қарудың конструкциясын оның баллистикалық және басқа да техникалық сипаттамаларының өзгеруіне әкеп соғатындай етіп қайта жасауы;

19) азаматтық және қызметтік қарудың азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы саласындағы техникалық регламенттерге, сондай-ақ криминалистикалық талаптарға сәйкес келмеуі;

20) егер адам экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есебінде тұрса;

21) көрсетілетін қызметті алушы және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынған материалдар, объектілер, деректер мен мәліметтер Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 8 қаңтардағы № 5 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10352 болып тіркелген) Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінде белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;

22) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметке немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімі (үкімі) болса;

23) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі болса, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алумен байланысты арнайы құқықтан айырылса мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіздер болып табылады.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым:

1) Министрліктің www.mvd.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген мекенжай бойынша тиісті көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына;

2) Министрліктің Әкімшілік полиция комитеті басшысының атына;

3) Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта бойынша Портал арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымның қабылданғанын растау оны көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымның жауабын алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап (5) бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды Портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинетінен" жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті беруші жүгінуді өңдеу барысында (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті алушы қол қоятын шағымда:

1) жеке тұлғаның - оның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), пошталық мекенжайы;

2) заңды тұлғаның - оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жолданады не көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы электронды жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен" жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады, ол өңдеу барысында (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау және қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте сотқа жүгінуге құқығы бар.

4-тарау. Мемлекеттік қызметті электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.mvd.gov.kz интернет-ресурсында, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті Портал арқылы электрондық нысанда алады.

15. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Порталдағы " жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 71-41-36, 72-21-88, 72-26-31, 72-22-16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны: 1414.

"Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру"
мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
1-қосымша

Жеке тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға (қайта ресімдеуге) өтініші

(лицензиардың толық атауы)

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

(қызметтің түрі және (немесе) кіші түрі(лерін) көрсету керек)

жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруді сұраймын

Жеке тұлғаның тұрғылықты мекенжайы _____

(пошта индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен,

көше атауы, үйдің/ғимараттың нөмірі)

Электрондық пошта _____ Телефондары _____

Факс _____

Банк шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті жүзеге асыру мекенжай(лар)ы _____

(пошта индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен,

көше атауы, үйдің/ғимараттың (стационарлық үй-жайдың) нөмірі)

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді

пайдалануға келісемін

Осы арқылы:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға

лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері

бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны;
көрсетілетін қызметті алушы оны көрсетілетін қызметті берушінің қаруды иеленуге

қарсы көрсетпелердің болуы/болмауы мәніне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы БП

ҚСЖАЕКБ есептері бойынша тексеруіне қарсылық білдірмейтіні;
көрсетілетін қызметті алушыға сот қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе)

кіші түрімен айналысуға тыйым салмағаны;

барлық қоса беріліп отырған құжаттар шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып

табылатыны расталады.

Жеке тұлғаның ЭЦҚ _____

Толтырған күні 20____ жылғы " ____ " _____

"Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

Заңды тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға (қайта ресімдеуге) өтініші

(лицензиардың толық атауы)

(заңды тұлғаның толық атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі)

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрі(лерін) көрсету керек) жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруді сұраймын

Заңды тұлғаның мекенжайы _____

(пошта индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен,

көше атауы, үйдін/ғимараттың (стационарлық үй-жайдың) нөмірі)

Электрондық пошта _____

Телефондары _____ Факс _____

Банктік шоты _____

(шоттың нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті жүзеге асыру мекенжайы(лары) _____

(пошта индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен,

көше атауы, үйдін/ғимараттың (стационарлық үй-жайдың) нөмірі)

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Осы арқылы:

көрсетілген барлық деректер ресми байланыстар болып табылатыны және оларға

лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері

бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны;

көрсетілетін қызметті алушыға сот қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе)

кіші түрімен айналысуға тыйым салмағаны;

көрсетілетін қызметті алушы оны көрсетілетін қызметті берушінің қаруды иеленуге

қарсы көрсетпелердің болуы/болмауы мәніне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы БП

ҚСЖАЕКБ есептері бойынша тексеруіне қарсылық білдірмейтіні;

барлық қоса беріліп отырған құжаттар шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып

табылатыны расталады.

Заңды тұлғаның басшысының ЭЦҚ _____

Толтырған күні 20 ____ жылғы " ____ " _____

"Азаматтық және қызметтік
қару мен оның патрондарын

әзірлеу, жасау, жөндеу, сату,
коллекцияға жинау, экспонаттау
жөніндегі қызметті жүзеге
асыруға лицензия беру"
мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
3-қосымша

**Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, жасау,
жөндеу, сату, коллекцияға жинау және экспонаттау жөніндегі қызмет
лицензиясына мәліметтер нысаны**

Жалпы ақпарат

1. Көрсетілетін қызметті алушы _____

(жеке және заңды тұлға)

2. жеке сәйкестендіру нөмірі / бизнес сәйкестендіру нөмірі

3. жеке тұлғаның және заңды тұлғаның атауы

4. Лицензиялау-рұқсат беру жүйесінің объектісін тексеру актісінің нөмірі _____

Тексеру аяқталған күн _____

Тексеру қорытындысы бойынша қабылданған шешім _____

5. Меншік құқығындағы объектінің (үй-жайдың) кадастрлық нөмірі

Есептік құжаттама _____

6. Қаруды қабылдауды, тапсыруды есепке алу журналын бастаған күн _____

(лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің мөрі басылған)

Журналдың түгендеу нөмірі _____

7. Қару мен оның патрондарының келіп түсуін және сатуды есепке алу журналын бастаған күн

(лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің мөрі басылған)

Журналдың түгендеу нөмірі _____

8. Кәсіпорындарда, мекемелер мен оқу орындарында қару мен оның патрондарын

(кірісті және шығысты, дайындамаларды, бөлшектерді, қосалқы бөлшектерді нөмірлеп есепке

алу, сандық есепке алу, сандық немесе өлшеп есепке алу) есепке алу журналын бастаған күн

(лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің мөрі басылған)

Журналдың түгендеу нөмірі _____

9. Қызмет түріне арналған лицензияның нөмірі, берілген күні, оны берген органның

атауы _____

10. Соңғы пайдаланушының импорттық сертификатының нөмірі, берілген күні,

сертификатты берген органның атауы

Жеке және заңды тұлғаның қызметкері туралы мәліметтер _____

Өтінім берген күн _____

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 24 сәуірдегі
№ 395 бұйрығына
2-қосымша

"Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату, пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты 1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 30.11.2018 № 867 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату, пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің аумақтық бөліністері (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру " электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі - Портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде - 15 (он бес) жұмыс күні;

заңды тұлға-лицензиатты бөліп алу немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастырған кезде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде - 15 (он бес) жұмыс күні;

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде - 3 (үш) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын Портал арқылы алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны - электрондық түрде (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі - азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату, пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу не осы стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайлар мен негіздер бойынша

электрондық нысанда мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолымен (бұдан әрі -ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.

7. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсетілгені үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 554-бабына сәйкес мемлекеттік баж алынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша бюджетке жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым төленеді:

1) осы қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия беру кезіндегі лицензиялық алым 10 (он) айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі - АЕК) құрайды;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды, бірақ 4 (төрт) АЕК-тен аспайды.

8. Порталдың жұмыс кестесі - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері. Арыздарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі Порталда:

1) лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында сұрау салу;

2) азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін заңды тұлғаларға:

объектіні, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актісі осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған

бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату және пайдалану жөніндегі қызметтің лицензиясына мәліметтер нысанында (бұдан әрі - мәліметтер нысаны) көрсетіледі;

мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес пиротехникалық заттар мен бұйымдарды әзірлеу саласындағы нормативтік-техникалық құжаттар жиынтығы мәліметтер нысанында көрсетіледі;

техникалық құжаттаманың электрондық көшірмесі, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізуге арналған аккредиттелген зертханалық база туралы аттестаттың электрондық көшірмесі;

3) азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды жасау жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін заңды тұлғаларға:

пиротехникалық заттар мен бұйымдарды жасау, сақтау, сату, қолдану және кәдеге жарату мәселелері жөніндегі нормативтік-техникалық және ғылыми-техникалық құжаттар жиынтығының электрондық көшірмелері;

меншік құқығын немесе құрал-жабдық пен аппаратураны жалға алу, өндірістік-техникалық базаны жалға алу құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;

объектіні, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актісі осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысанында көрсетіледі;

жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтар, ережелер және нормативтік-техникалық құжаттар осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысанында көрсетіледі;

4) азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды пайдалану жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін заңды тұлғаларға:

объектіні, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актісі осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысанында көрсетіледі;

пиротехникалық бұйымдарды тасымалдауға арналған арнайы жабдықталған автокөліктің болуын немесе жалға алынғанын көрсететін құжаттар осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысанында көрсетіледі;

азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды пайдалануға мүмкіндік беретін техникалық мақсаттағы арнайы құрал-жабдықтың болуын көрсететін, оның техникалық сипаттамаларын және пайдалану қауіпсіздігін айқындайтын құжаттар осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысанында көрсетіледі;

5) азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сату жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін заңды тұлғаларға:

объектіні, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актісі осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысанында көрсетіледі;

пиротехникалық бұйымдарды тасымалдауға арналған автокөліктің меншік немесе жалға алу құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату, пайдалану және сатып алу жөніндегі қызметке арналған лицензияға мәліметтер нысаны;

б) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында сұрау салу;

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты құрайтын құжаттардың электрондық көшірмелері мемлекеттік ақпараттық жүйелерде орналасқан құжаттарды, ақпараттарды қоспағанда;

заңды тұлға-лицензиантты бөлу нысанында қайта құрған кезде көрсетілетін қызметті алушы лицензияланатын қызметтің тиісті түріне және (немесе) лицензияланатын қызметтің кіші түріне лицензия және (немесе) лицензияға қосымша алуға құжаттардың электрондық көшірмесін ұсынады.

Порталда электрондық сұрау салуды қабылдау көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" жүзеге асырылады. Құжаттар көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті беруші жеке басын куәландыратын құжаттар, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату, пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы, дайын пиротехникалық өнімді сақтауға арналған қойманың, өндірістік-техникалық базаның, дайын пиротехникалық өнімді сатуға арналған үй-жайлардың меншік немесе жалға алу құқығын растайтын құжаттар туралы, соттылығының, мәлімделген қызметті жүзеге асырумен байланысты қарсы айғақтардың (психикалық ауру, алкогольизм немесе нашақорлық), әкімшілік құқық бұзушылықтардың болмауы туралы мәліметтерді, мемлекеттік баж төлегені туралы ақпаратты тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден электрондық үкімет "шлюзі" арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті беруші азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтауға арналған үй-жайдың ішкі істер

органдарының азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтау, сақталуы және есепке алу тәртібі жөніндегі талаптарына сәйкестігін өтініш берілгеннен кейін тексереді.

Егер өзгеше Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмесе көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде Портал арқылы - көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

10. Мыналар:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында осы санаттағы жеке және заңды тұлғалар үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынуы;

3) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның енгізілмеуі;

4) көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;

5) көрсетілетін қызметті алушыға жекелеген қызмет түрімен айналысуға тыйым салатын соттың заңды күшіне енген үкімі;

6) егер бұрын лицензия және (немесе) лицензияға қосымша заңды тұлға-лицензаттарды бөлу нәтижесінде жаңадан пайда болғандар қатарынан құрылған басқа заңды тұлғаға қайта ресімделген болса;

7) сот көрсетілетін қызметті алушыға сот орындаушысының ұсынымының негізінде лицензия алуға тыйым салса;

8) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 8 қаңтардағы № 6 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10353 болып тіркелген) Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату және пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне сәйкес келмеуі;

9) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметке немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімі (үкімі) болса;

10) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі болса, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алумен байланысты арнайы құқықтан айырылса мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер болып табылады.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым:

1) Министрліктің www.mvd.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген мекенжай бойынша тиісті көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына;

2) Министрліктің Әкімшілік полиция комитеті басшысының атына;

3) Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта бойынша Портал арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымның қабылданғанын растау оны көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымның жауабын алу мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап (5) бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды Портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинетінен" жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті беруші жүгінуді өңдеу барысында (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті алушы қол қоятын шағымда:

1) жеке тұлғаның - оның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), пошталық мекенжайы;

2) заңды тұлғаның - оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жолданады не көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы электронды жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен" жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады, ол өңдеу барысында (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау және қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте сотқа жүгінуге құқығы бар.

4-тарау. Мемлекеттік қызметті электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.mvd.gov.kz интернет-ресурсында, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті Портал арқылы электрондық нысанда алады.

15. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Порталдағы " жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 71-41-36, 72-21-88, 72-26-31, 72-22-16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығының телефоны: 1414.

"Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату, пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

Заңды тұлғаның лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға (қайта ресімдеуге) өтініші

(лицензиардың толық атауы)

(заңды тұлғаның толық атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі)

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түр(лер)ін көрсету керек) жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруді (қайта ресімдеуді) сұраймын _____

Заңды тұлғаның мекенжайы _____

(пошталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен,

көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі)

Электрондық пошта _____ Телефондары _____

Факс _____ Банктік шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті жүзеге асыру мекенжай(лар)ы _____

(пошталық индексі, облыс, қала, аудан, елді

мекен, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі)

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді

пайдалануға келісемін.

Осы арқылы:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны;

көрсетілетін қызметті алушыға қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға со тыйым салмағаны;

қоса беріліп отырған барлық құжаттар шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатыны расталады.

Заңды тұлға басшысының ЭЦҚ _____

Толтырылған күні: 20__ жылғы " " _____

"Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату, пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату, пайдалану жөніндегі қызметтің лицензиясына мәліметтер нысаны

Жалпы ақпарат

1. Көрсетілетін қызметті алушы _____

(заңды тұлға)

2. Бизнес сәйкестендіру нөмірі _____

3. Заңды тұлғаның атауы _____

4. Лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің объектісін тексеру актісінің нөмірі _____
Тексеру аяқталған күн _____
Тексеру қорытындысы бойынша қабылданған шешім _____
5. Объектінің (үй-жайдың) кадастрлық нөмірі _____
6. Лицензиялық алымды төлеу сомасы _____
Төлеген күні _____
Төлем банкі (банктің филиалы) _____
Есепке алу журналы (кіріс, шығыс) _____
7. Журналды бастаған күн _____
(лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің мөрі басылған)
Журналдың түгендеу нөмірі _____
8. Қызмет түріне арналған лицензияның нөмірі, берілген күні, оны берген органның атауы _____
9. Объектіні, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актісі _____
10. Пиротехникалық заттар мен бұйымдарды әзірлеу саласындағы нормативтік-техникалық құжаттар жиынтығы _____
11. Жұмысты қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтар, ережелер және нормативтік-техникалық құжаттар _____
12. Пиротехникалық бұйымдарды тасымалдауға арналған арнайы жабдықталған автокөліктің болуын немесе жалға алынғанын көрсететін құжаттар _____

13. Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды

пайдалануға мүмкіндік беретін техникалық мақсаттағы арнайы құрал-жабдықтың болуын

көрсететін, оның техникалық сипаттамаларын және пайдалану қауіпсіздігін айқындайтын

құжаттар _____

Заңды тұлғаның қызметкері туралы мәліметтер _____

Өтінім берген күн _____

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 24 сәуірдегі
№ 395 бұйрығына
3-қосымша

"Жеке және заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын комиссиялық сатуға жолдама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты 1. Жалпы ережелер

1. "Жеке және заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын комиссиялық сатуға жолдама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің аумақтық бөліністері (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 30.11.2018 № 867 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру " Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) Мемлекеттік корпорациясына құжаттарды тапсырған сәттен бастап 10 жұмыс күні.

Мемлекеттік корпорацияға жүгіну кезінде құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

2) көрсетілетін қызметті алушының Мемлекеттік корпорацияға құжаттарды тапсыруы үшін күтудің ең ұзақ рұқсат етілген уақыты - 15 минут;

3) Мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызмет алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты - 20 минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – азаматтық және қызметтік қаруды комиссиялық сатуға жолдама.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі басып шығарылады және көрсетілетін қызметті берушінің мөрімен және оның уәкілетті адамының қолымен куәландырылады.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға ақылы негізде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсетілгені үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 615-бабына сәйкес мемлекеттік баж алынады, ол:

заңды тұлғаларға комиссиялық сатуға жолдама берілгені үшін мемлекеттік бажды төлеген күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жүз пайызын;

жеке тұлғаларға комиссиялық сатуға жолдама берілгені үшін мемлекеттік бажды төлеген күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіштің елу пайызын құрайды.

Мемлекеттік баж Қазақстан Республикасының банк мекемелері арқылы төленеді, олар төлемнің көлемі мен күнін растайтын құжат береді.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 30.11.2018 № 867 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Жұмыс кестесі:

Мемлекеттік корпорацияда - еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – сенбі аралығында түскі асқа үзіліссіз белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден бастап 20.00-ге дейін, қабылдау "электрондық" кезек тәртібімен, көрсетілетін қызметті алушының тіркеу орны бойынша жеделдетіп қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, портал арқылы электрондық кезекті брондауға болады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не өкілеттігін растайтын құжат бойынша заңды тұлғаның; нотариалды куәландырылған сенімхаты бойынша жеке тұлғаның уәкілетті өкілдері) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

жеке басты куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);

жеке тұлғаның азаматтық қаруды комиссиялық сатуға жолдама алу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініші немесе заңды тұлғаның қызметтік қаруды комиссиялық сатуға жолдама алу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініші;

мемлекеттік баждың төленгені туралы төлем құжаты;

жолдама алу кезінде көрсетілетін қызметті алушы азаматтық және қызметтік қаруды сақтау мен алып жүруге берілген рұқсаттың түпнұсқасын Мемлекеттік корпорацияға тапсырады.

Құжаттарды қабылдау кезінде Мемлекеттік корпорацияның қызметкері құжаттардың электрондық көшірмесін жасайды, содан кейін түпнұсқаларды көрсетілетін қызмет алушыға қайтарады.

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері егер өзгесі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмесе мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен күзетілетін құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушыдан келісім алады.

Құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Дайын құжаттарды беру Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесіне сәйкес жеке басты куәландыратын құжатты көрсеткен кезде тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы белгісі бар қолхат негізінде жүзеге асырылады. Өтініш иесінің өкілі оның өкілеттігін растайтын сенімхатты қосымша ұсынады.

Мемлекеттік корпорация нәтижені бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, содан кейін оларды одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге тапсырады. Көрсетілетін қызметті алушы бір айдан кейін жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызмет алушыға тапсыру үшін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

10. Көрсетілетін қызметі алушы толық емес құжаттар топтамасын ұсынған жағдайда осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуы үшін негіз:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректер мен мәліметтердің 1176 қаулысымен бекітілген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажет келісу туралы сұрау салуға уәкілетті мемлекеттік органның теріс жауабы, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерістің теріс қорытындысы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметке немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті алумен байланысты арнайы құқықтан айырылуы болып табылады.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым: шағым көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорация басшысының атына осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша беріледі.

Шағым пошта бойынша жазбаша нысанда, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Жеке тұлғаның шағымында оның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), пошталық мекенжайы, байланыс телефоны көрсетіледі.

Шағымның қабылданғанын растау шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде оны тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі мен күн) болып табылады.

Мемлекеттік корпорацияға қолма-қол, сондай-ақ поштамен келіп түскен шағымның қабылданғанын растау оның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркелген күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс-орталығының мемлекеттік көрсетілетін қызмет мәселелері жөніндегі 1414, 8 800 080 7777 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды "жеке кабинеттен" көрсетілетін қызметті алушының порталы арқылы жолдаған кезде жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті беруші өтініштерді өңдеу (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны, қаралғаны туралы жауап немесе қараудан бас тартқаны туралы белгілер) барысында жаңартылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына немесе Мемлекеттік корпорацияға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы, "электрондық үкіметтің" веб порталы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде немесе Мемлекеттік корпорацияда қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен шағымы оны тіркеген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4. Мемлекеттік, оның ішінде Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қойылатын өзге де талаптар

13. Ағзаның тыныс-тіршілігін шектейтін функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған көрсетілетін қызметті алушылардан құжаттарды қабылдау қажет болған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету үшін Мемлекеттік корпорацияның қызметкерлері 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы тұрғылықты жері бойынша шыға отырып, жүргізеді.

14. Мемлекеттік қызметі көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің www.mvd.gov.kz интернет-ресурсында;

2) Мемлекеттік корпорацияның www.goscorp.kz интернет ресурсында орналастырылған.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 714303, 722188. Мемлекеттік қызметі көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

"Жеке және заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын комиссиялық сатуға жолдама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

Жеке тұлғаның азаматтық қаруды комиссиялық сатуға жолдаманы алуға өтініші

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

Азамат _____

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда),

жеке сәйкестендіру нөмірі)

Азаматтық қаруды комиссиялық сатуға жолдама беруіңізді сұраймын

(қарудың типі, түрі, моделі, нөмірі мен саны көрсетіледі)

Осыған байланысты _____

(қаруды қажетті сатудың себебін көрсету)

Жеке тұлғаның мекенжайы _____

Электрондық поштасы _____

Телефоны _____

Факс _____

_____ парақ қоса беріледі.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен күзетілетін құпияларды құрайтын мәліметтерді

пайдалануға келісімі

Осы арқылы:

барлық көрсетілген деректер ресми байланыстар болып табылады және оларға жолдама алуға

немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны

расталады;

Жеке тұлға _____

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Толтырылған күні: 20 жылғы " ____ " _____

"Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын комиссиялық сатуға жолдама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

Заңды тұлғаның азаматтық қаруды комиссиялық сатуға жолдаманы алуға өтініші

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

(заңды тұлғаның атауы, (бизнес-сәйкестендіру нөмірі))

(қарудың типі, түрі, моделі, нөмірі мен саны)

қызметтік қаруды комиссиялық сатуға жолдама беруіңізді сұраймын.

Осыған байланысты _____

(қаруды қажетті сатудың себебін көрсету)

Электрондық поштасы _____

Телефоны _____

Факс _____

Қызметтің жүзеге асырылатын мекенжайы _____

(пошталық индексі, облыс, қала, аудан,

_____ елді мекен, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайдың) нөмірі)
_____ парақ қоса беріледі.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен күзетілетін құпияларды құрайтын мәліметтерді

пайдалануға келісімі

Осы арқылы:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға жолдама

алуға немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны

расталады.

Жеке тұлға _____

(қолы)

М.О.

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Толтырылған күні: 20 ____ жылғы " ____ " _____

"Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын комиссиялық сатуға жолдама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
3-қосымша
Нысан

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының №__ бөлімі (мекенжайы көрсетілсін) Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын комиссиялық сатуға жолдама беру" мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған құжаттарды қабылдаудан бас тартады, себебі Сіз мемлекеттік көрсетілетін қызметінің стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынған жоқсыз, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3) _____.

Осы қолхат 2 дана жасалды, тараптардың әрқайсысына

_____ (қолы)
Т.А.Ә. (Мемлекеттік
корпорацияның қызметкері)

Орындаушы. Т.А.Ә. _____

Телефон _____

Алдым: Т.А.Ә. / көрсетілетін қызметті алушы

20__ жылғы "___" _____
___;

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 24 сәуірдегі
№ 395 бұйрығына
4-қосымша

"Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты 1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 30.11.2018 № 867 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің аумақтық бөліністері (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру " электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі - Портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері 15 (он бес) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын Портал арқылы алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны - электрондық түрде (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі - азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге қорытынды.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында Портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі:

заң тұлғаларға ақылы негізде;

жеке тұлғаларға ақысыз негізде.

Мемлекеттік қызмет көрсетілгені үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 615-бабына сәйкес мемлекеттік баж алынады, ол заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге қорытынды бергені үшін мемлекеттік бажды төлеген күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі жүз пайызын құрайды.

8. Порталдың жұмыс кестесі - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде. Арыздарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не заңды тұлғалар үшін оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі Портал арқылы:

1) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге қорытынды алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанында сұрау салу ұйым басшысының онда қару мен оның патрондарының саны, әкелуге (әкетуге) жауапты адамның (жеке тұлғаның) тегі, аты-жөні, паспортының немесе жеке куәлігінің сериясы мен нөмірі, қару мен оның патрондары әкелінетін мемлекет, әкелу жүзеге асырылатын кеден пункті (шекарадан өту пункті) көрсетіледі;

Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2012 жылғы 16 мамырдағы № 45 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде Кеден одағына мүше мемлекеттер үшінші елдермен саудада әкелуге немесе әкетуге тыйым салулар немесе шектеулер қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген жекелеген тауарларды әкелуге, әкетуге және транзиттеуге қорытындыны толтырудың бірыңғай нысанын толтыру жөніндегі әдістемелік нұсқауларға сәйкес ресімделген қорытынды жобасының электрондық көшірмесі;

сәйкестік сертификаты немесе қаруды Қазақстан Республикасының аумағына әкелгеннен кейін сертификаттау жүргізуге арналған шарты электрондық көшірмесі;

2) заңды тұлғаларға қаруды сату үшін әкелуге қорытындыны ресімдеу кезінде :

тауарды импорттаушының азаматтық және қызметтік қарудың, оның негізгі (құрамдас) бөлшектері мен патрондарының "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5 және 6-баптарында көрсетілген пайдаланушыларға сатылатыны туралы кепілхаттың электрондық көшірмесі.

Егер қару мен патрондардың импорты кезінде Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, арнаулы және құқық қорғау органдары соңғы тұтынушылар болып табылған жағдайда импортқа лицензия ресімдеу " Экспорттық бақылауға жататын өнімнің номенклатурасын (тізімін) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 5 ақпандағы № 104 қаулысымен бекітілген "Әскери қолданылатын (мақсаттағы) тауарлар мен технологиялар" деген бөлімді ескере отырып, әскери мақсаттағы өнім ретінде жүзеге асырылады;

қарудың нақты түрлері, типтері, модельдері, саны көрсетілетін ерекшелігі қоса берілген қаруды жеткізу шарты (келісімшарты) электрондық көшірмесі;

қарудың атауы мен моделінің белгісі, негізгі техникалық көрсеткіштері, қаруды шығарған елдің және фирманың атауы туралы ақпараттың, оның түрлі-түсті фотосуретінің электрондық көшірмесі;

жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс, газды қарудың, электр қаруының, сондай-ақ жарақат салатын патрондардың зақымдаушы факторларының адам ағзасына тигізетін шекті әсері туралы денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган берген қорытындының не қаруды әкелгеннен кейін адам ағзасына тигізетін шекті әсер нормаларына сәйкестігіне медициналық-биологиялық сынақтар өткізілгені туралы кепілхат болуына қажет электрондық көшірмесі;

3) заңды тұлғаларға қаруды сату үшін әкетуге қорытындыны ресімдеу кезінде :

қарудың нақты түрлері, типтері, модельдері, саны көрсетілетін ерекшелігі қоса берілген қаруды жеткізу шарты (келісімшарты) электрондық көшірмесі;

қарудың атауы мен моделінің белгісі, негізгі техникалық көрсеткіштері, қаруды шығарған елдің және фирманың атауы туралы ақпарат, оның түрлі-түсті фотосуретінің электрондық көшірмесі;

оны әкелу болжанып отырған мемлекеттің құзыретті органы берген қаруды әкелуге рұқсат құжатының электрондық көшірмесі;

шет мемлекеттің уәкілетті мемлекеттік органының осы қарудың тек бейбіт мақсатта пайдаланылатыны және басқа елдерге экспортталмайтыны туралы жазбаша кепілдік міндеттемесі болуына қажет электрондық көшірмесі;

4) қару саудасына лицензиясы бар заңды тұлғаларға қарудың сәйкестігін растау, медициналық-биологиялық зерттеулер жүргізу, жөндеу, ауыстыру, қайтару мақсатында сынақтарды жүргізу үшін әкелуге (әкетуге), сондай-ақ көрмелерге қатысу үшін уақытша әкелуге (әкетуге) қорытындыны ресімдеу кезінде:

қарудың нақты түрлері, типтері, модельдері, саны көрсетілетін ерекшелігі қоса берілген қаруды жеткізу шарты (келісімшарты) электрондық көшірмесі;

қарудың атауы мен моделінің белгісі, негізгі техникалық көрсеткіштері, қаруды шығарған елдің және фирманың атауы туралы ақпарат, оның түрлі-түсті фотосуретінің электрондық көшірмесі;

оны әкелу болжанып отырған мемлекеттің құзыретті органы берген қаруды әкелуге рұқсат құжаты болуына қажет электрондық көшірмесі;

5) қарудың сәйкестігін растау, медициналық-биологиялық зерттеулер жүргізу, жеке пайдалану үшін сатып алу, жөндеу, ауыстыру, қайтару мақсатында жеке тұлғаларға қаруды әкелуге қорытындыны ресімдеу кезінде:

сәйкестік сертификаты немесе қаруды Қазақстан Республикасының аумағына әкелгеннен кейін сертификаттау жүргізу шарты (тек жеке пайдалану үшін сатып алған кезде) электрондық көшірмесі;

жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс, газды қарудың, электр қаруының, сондай-ақ жарақат салатын патрондардың зақымдаушы факторларының адам ағзасына тигізетін шекті әсері туралы денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган берген қорытындының не қаруды әкелгеннен кейін адам ағзасына тигізетін шекті әсер нормаларына сәйкестігіне медициналық-биологиялық сынақтар өткізілгені туралы кепілхат (тек жеке пайдалану үшін сатып алған кезде) электрондық көшірмесі;

қарудың атауы мен моделінің белгісі, негізгі техникалық көрсеткіштері, қаруды шығарған елдің және фирманың атауы туралы ақпарат, оның түрлі-түсті фотосуретінің (тек жеке пайдалану үшін сатып алған кезде) электрондық көшірмесі;

қарудың жөндеу, ауыстыру, қайтару үшін (тек жөндеу, ауыстыру, қайтару үшін) әкелінгенін растайтын құжат (шарт, хат) болуына қажет электрондық көшірмесі;

б) жеке тұлғаларға қаруды жөндеу, ауыстыру, қайтару үшін әкетуге қорытындыны ресімдеу кезінде электрондық көшірмесі:

қаруды әкелу болжанып отырған мемлекеттің құзыретті органы берген қаруды әкелуге рұқсат құжатының электрондық көшірмесі;

қарудың жөндеу, ауыстыру, қайтару үшін әкетілетінін растайтын құжат (шарт, хат) болуына қажет электрондық көшірмесі;

7) шетелдік заңды тұлғаларға немесе шетелдіктерге (спорт ұйымдарына немесе спортшыларға) спорттық іс-шараларға қатысу үшін қаруды уақытша әкелуге арналған қорытындыны ресімдеу кезінде:

халықаралық спорттық жарыстарға немесе оқу-жаттығу жиындарына қатысуға шақыру электрондық көшірмесі;

қару мен оның патрондарының нақты түрінің спортшыға бекітілгені туралы ақпарат (тізім) электрондық көшірмесі;

әкелінетін қаруды сақтау үшін жағдайлардың барын растайтын құжаттама (үй-жайды жалға алу шарты, қаруды сақтауға рұқсат) болуына қажет электрондық көшірмесі;

8) заңды немесе жеке тұлғаларға (спорт ұйымдарына немесе спортшыларға) спорттық іс-шараларға қатысу үшін қаруды уақытша әкетуге арналған қорытындыны ресімдеу кезінде:

халықаралық спорттық жарыстарға немесе оқу-жаттығу жиындарына қатысуға шақыру электрондық көшірмесі;

қаруды әкелу болжанып отырған мемлекеттің құзыретті органы берген қаруды әкелуге рұқсат құжатының электрондық көшірмесі;

спорт ұйымы басшысының қарудың нақты түрін спортшыға бекіту туралы бұйрығының электрондық көшірмесі;

спорт ұйымы басшысының спортшыны (ларды) іссапарға жіберу туралы тиісті бұйрығының электрондық көшірмесі;

9) шетелдіктерге аңшылыққа қатысу үшін аңшылық атыс қаруының бірлі-жарым даналарын (екі бірліктен артық емес), олардың патрондары мен аңшылық пышақтарды уақытша әкелуге қорытындыны ресімдеу кезінде:

аңшылық шаруашылығы ұйымының шетелдік аңшымен аң аулауға жасасқан шартының электрондық көшірмесі;

жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті органмен келісілген аңшылық алқаптарды бекітіп беру туралы облыстық атқарушы органның шешімінің электрондық көшірмесі;

шетелдік аңшының жеке басын куәландыратын құжаттың (паспорттың) электрондық көшірмесі;

орман және аңшылық шаруашылығының уәкілетті органының облыстық аумақтық органмен шетелдіктердің аңшылыққа қатысуы туралы келісу туралы өтініштің электрондық көшірмесі.

Өтінішпен мүдделі аңшылық шаруашылығы ұйымы жүгінеді, онда әкелінетін патрондар саны, шетелдіктің паспортының немесе жеке куәлігінің сериясы мен нөмірі қосымша көрсетіледі;

10) жеке тұлғаларға аңшылық атыс қаруының бірлі-жарым даналарын (екі бірліктен артық емес), олардың патрондары мен аңшылық пышақтарды аңшылыққа қатысу үшін уақытша әкетуге қорытындыны ресімдеу кезінде:

аң аулау жүзеге асырылатын мемлекеттің заңнамасында көзделген аң аулауға қатысуын растайтын (қызметтер көрсету туралы шарт немесе шақыру және т.б.) құжатының электрондық көшірмесі;

қаруды әкелу көзделіп отырған мемлекеттің құзыретті органы берген қаруды әкелуге рұқсат құжатының электрондық көшірмесі.

Жеке тұлға Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге аң аулауға қатысу үшін шыққан кезде аңшылық қару мен оның патрондарын уақытша әкетуге (әкелуге) қорытынды ресімделмейді.

Бұл ретте, жеке тұлға (аңшы) қаруды әкеткенге дейін кемінде 10 (он) күн бұрын қару тіркелген аумақтық ішкі істер органына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген аң аулауға қатысуын растайтын құжатты (қызметтер көрсету туралы шарт немесе шақыру) ұсынады.

Жеке тұлға аңшылыққа қатысу кезінде пайдалану үшін әкеткен азаматтық қару көрсетілген азаматтық қару тіркелген мүше мемлекетке әкелуге арналған рұқсат құжаттың жарамдық мерзімі аяқталғанға дейін әкелінуі тиіс.

11) басқа мемлекетке тұрақты тұруға кететін жеке тұлғаларға азаматтық қаруды, оның патрондарын әкетуге қорытындыны ресімдеу кезінде:

қаруды әкету жүзеге асырылатын мемлекеттің заңнамасында көзделген тұрақты тұруға кететінін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

қаруды әкету болжанып отырған мемлекеттің құзыретті органы берген қаруды әкелуге рұқсат құжаттың электрондық көшірмесі;

12) Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келетін жеке тұлғаларға қару мен оның патрондарын әкелуге қорытындыны ресімдеу кезінде:

қаруды әкетуге рұқсат құжаттың электрондық көшірмесі;

қарудың атауы мен моделінің белгісі, негізгі техникалық көрсеткіштері, қаруды шығарған елдің және фирманың атауы туралы ақпарат, оның түрлі-түсті фотосуретінің электрондық көшірмесі;

13) Қазақстан Республикасының азаматы марапаттық қаруды әкелуге арналған қорытындыны ресімдеу кезінде:

үшінші мемлекеттер басшыларының және үшінші мемлекеттердің үкімет басшыларының марапаттық құжаттарының электрондық көшірмесі;

14) шетелдіктерге марапаттық қаруды әкетуге қорытындыны ресімдеу кезінде :

әкетілетін қарумен марапаттау туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы;

15) жеке тұлғаларға азаматтық қарудың бірлі-жарым даналары (екі бірліктен артық емес) мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге арналған қорытындыны ресімдеу кезінде:

қару мен оның патрондарын әкелетін елдің және әкететін елдің уәкілетті органдары берген, қару мен оның патрондарын сатып алу құқығын растайтын, өтініш берушінің мөрімен және қолымен куәландырылған рұқсат құжаттарының электрондық көшірмелері. Егер әкелу және әкету елдерінің заңнамасында қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсат құжаттарын беру көзделмеген жағдайларда, қару мен оның патрондарын сатып алудың заңдылығын көрсететін құжаттың көшірмесі ұсынылады. Ұсынылған құжат көшірмелерінде қарудың түрі, моделі, калибрі, сериясы мен нөмірі көрсетіледі;

"транзит" кеден режимін белгілеу туралы кеден органының белгісі бар кеден декларациясы данасының электрондық көшірмесі;

Қазақстан Республикасының бейрезиденттері үшін жеке тұлғаның (өтініш берушінің) жеке басын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

әкетілетін елдің уәкілетті органы берген қару мен оның патрондарын әкетуге рұқсаттың бар болуы туралы құжаттың электрондық көшірмесі;

әкелінетін елдің уәкілетті органы берген қару мен оның патрондарын әкелуге рұқсаттың бар болуы туралы құжаттың электрондық көшірмесі;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартының немесе сақтандыру полисінің электрондық көшірмесі.

Құжаттар Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіліндегі немесе орыс тіліндегі ресми аудармасымен, сондай-ақ азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын немесе сақтандыру полисін қоспағанда, нотариалды куәландырылған көшірмелерде ұсынылады;

16) заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге қорытындыны ресімдеу кезінде:

мөрмен және өтініш берушінің қолымен куәландырылған, сыртқы сауда мәмілесіне қатысушылар арасындағы иеліктен шығару құжатының электрондық көшірмесі;

мөрмен және өтінім берушінің қолымен куәландырылған, қаруды жасаушы елден экспорттауды жүзеге асыратын заңды тұлға мен қару жасаушы немесе қаруды сатып алушы елге импорттауды жүзеге асыратын заңды тұлға мен қаруды сатып алушы арасындағы шартының электрондық көшірмесі;

"транзит" кеден режимін белгілеу туралы кеден органының белгісі бар кеден декларациясы данасының электрондық көшірмесі;

қарудың түрі, типі, моделі, калибрі және нөмірі көрсетілген тасымалданатын қаруды нөмірлік есепке алу тізімінің, сондай-ақ кеден органы куәландырған патрондар типі, калибрі, дайындау партиясы және саны көрсетілген мәліметтердің электрондық көшірмесі;

заңды тұлға ретінде - Қазақстан Республикасының бейрезиденттері үшін мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

өнімді әкетуге арналған рұқсаттың болуы туралы экспорттаушы елдің уәкілетті органы берген құжаттың электрондық көшірмесі;

өнім транзитіне байланысты өтініш беруші мемлекетінің заңнамасына сәйкес қызметті жүзеге асыру құқығын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартының немесе сақтандыру полисінің электрондық көшірмесі;

өтініш берушінің транзитпен тасымалданатын өнімнің физикалық қорғалуын жүзеге асыруды қамтамасыз етуін растайтын құжаттың және қорғауды жүзеге

асыратын заңды немесе жеке тұлғаның күзет қызметін жүзеге асыру құқығын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

егер оған қатысы жоқ себептер бойынша жүк қабылдаушыға жүкті беру мүмкіндігі болмаған жағдайда, жүк жөнелтушінің жүкті қайта қабылдауға келісімін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

Құжаттар консулдық заңдастыру туралы талаптарды сақтай отырып немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес апостиль қойылып ұсынылады

Жеке тұлғаның жеке басын растайтын (көрсетілетін қызметті алушы) құжаттардың көшірмелерін қоспағанда, барлық құжаттар Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіліндегі немесе орыс тіліндегі ресми аудармасымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын немесе сақтандыру полисін қоспағанда, нотариалды куәландырылған көшірмелерінде ұсынылады.

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге қорытындыға мәліметтер нысаны.

Көрсетілетін қызметті беруші жеке басын куәландыратын құжаттар, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктер, азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау, сатып алуға рұқсат беру, сақтау, сақтау мен алып жүру бойынша қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия туралы, соттылығының, әкімшілік құқық бұзушылықтың болмауы туралы мәліметтерді, мемлекеттік бажды төлеу туралы ақпаратты электрондық үкіметтің "шлюзі" арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Ішкі істер органдары және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша есептерін тексеруді көрсетілетін қызметті беруші өтініш бергеннен кейін жүзеге асырады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелер қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті алушы Портал арқылы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып,

мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

10. Мыналар:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін құжаттарды ұсынуы;

3) көрсетілетін қызметті алушыда:

тұрақты тұрғылықты жерінің болмауы;

қаруды сақтау үшін тиісті жағдайлардың болмауы;

4) рұқсаттан ерікті түрде бас тартуы не қару иесінің қайтыс болуы;

5) қылмыс жасағаны үшін заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болуы;

6) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімі бабының тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазасының ең төменгі мерзімі аяқталғанға дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босауы;

7) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127, 128, 131, 382, 434, 437, 438, 440, 443, 444, 448, 450, 453, 462, 476, 477, 478, 481, 482, 484, 485, 485-1, 486, 487, 489, 490, 492, 493, 506-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтың бір жыл ішінде қайталануы;

8) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 287 (бірінші бөлігінде), 288 (төртінші бөлігінде), 289, 296 (бірінші бөлігінде), 337 (бірінші және екінші бөліктерінде), 346 (бірінші бөлігінде), 379 (бірінші бөлігінде), 389 (бірінші және екінші бөліктерінде) баптарында көзделген қылмыстық теріс қылық және Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73, 436, 453 және 461-баптарына көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасауы;

9) азаматтық және қызметтік қару иесін немесе пайдаланушысын қаруды қауіпсіз қолдану қағидаларын білуін тексеруге жіберу туралы қаулыны алған күннен бастап екі ай ішінде қаруды қауіпсіз қолдану қағидаларын білуін тексеру үшін емтихан тапсырмауы;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген рұқсаттар алу мүмкіндігін болдырмайтын мән-жайлардың пайда болуы;

11) азаматтық немесе қызметтік қару иесінің көрсетілген қарудың конструкциясын оның баллистикалық және басқа да техникалық сипаттамаларының өзгеруіне әкеп соғатындай етіп қайта жасауы;

12) азаматтық және қызметтік қарудың азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы саласындағы техникалық регламенттерге, сондай-ақ криминалистикалық талаптарға сәйкес келмеуі;

13) егер адам экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есебінде тұрса;

14) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынған материалдары, объектілер, деректер мен мәліметтер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы № 1176 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы қару мен оның патрондары айналымының ережесінің белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;

15) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметке немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімі (үкімі) болса;

16) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі болса, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алумен байланысты арнайы құқықтан айырылса, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіздер болып табылады.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым:

1) Министрліктің www.mvd.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген мекенжай бойынша тиісті көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына;

2) Министрліктің Әкімшілік полиция комитеті басшысының атына;

3) Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта бойынша не болмаса Портал арқылы көрсетілетін не қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымның қабылданғанын растау оны көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымның жауабын алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап (5) бес жұмыс күні ішінде

қаралуға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды Портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинетінен" жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті беруші жүгінуді өңдеу барысында (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті алушы қол қоятын шағымда:

1) жеке тұлғаның - оның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), пошталық мекенжайы;

2) заңды тұлғаның - оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жолданады не көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы электронды жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен" жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады, ол өңдеу барысында (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау және қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте сотқа жүгінуге құқығы бар.

4-тарау. Мемлекеттік қызметті электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.mvd.gov.kz интернет-ресурсында, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті Портал арқылы электрондық нысанда алады.

15. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Порталдағы " жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 71-41-36, 72-21-88, 72-26-31, 72-22-16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығының телефоны: 1414.

"Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы аумағы арқылы транзиттеуге қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

Жеке тұлғаның азаматтық және қызметтік қаруды, оның (құрама) бөлшектері мен патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге қорытынды алуға өтініші

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

Кімнен _____

(жеке тұлғаның толық тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке-сәйкестендіру нөмірі)

Азаматтық қаруды, оның (құрама) бөлшектері мен патрондарын әкелуге (әкетуге)

рұқсат беруіңізді сұраймын

(қарудың түрі, типі, моделі, нөмірі мен саны көрсетіледі, керегінің астын сызу)

Мекенжайы _____

(облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үй/ғимараттың нөмірі)

Әкелінетін (әкетілетін) мемлекет _____

Әкелу (әкету) жүзеге асырылатын кеден бекеті _____

Қару "___" _____ және "___" _____ аралығында әкелінеді (әкетіледі) (қаруды

уақытша әкелген (әкеткен) кезде толтырылады)

Телефоны _____

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен күзетілетін құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Осымен көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және

оларға қорытынды беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты

жіберуге болатыны расталады.

Жеке тұлғаның ЭЦҚ _____

Толтырған күні: 20__ жылғы "___" _____

"Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы аумағы арқылы транзиттеуге қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

Заңды тұлғаның азаматтық және қызметтік қаруды, оның (құрама) бөлшектері мен патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына

әкелуге, Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге қорытынды алуға өтініші

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

Кімнен _____

(заңды тұлғаның толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Азаматтық және қызметтік қаруды, оның (құрама) бөлшектері мен патрондарын

әкелуге (әкетуге) рұқсат беруіңізді сұраймын

(қарудың түрі, типі, моделі, нөмірі мен саны көрсетіледі, керегінің астын сызу

)

Заңды тұлғаның мекенжайы _____

(облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үй/ғимараттың нөмірі)

Әкелуге (әкетуге) жауапты адамның Т.А.Ә. _____

(паспортының немесе жеке куәлігінің нөмірі)

Әкелінетін (әкетілетін) мемлекет _____

Әкелу (әкету) жүзеге асырылатын кеден бекеті _____

Қару "____" _____ және "____" _____ аралығында әкелінеді (әкетіледі) (қаруды

уақытша әкелген (әкеткен) кезде толтырылады)

Телефоны _____

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен күзетілетін құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Осымен көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және

оларға қорытынды беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты

жіберуге болатыны расталады.

Заңды тұлғаның ЭЦҚ _____

Толтырған күні: 20__ жылғы " ____ " _____

"Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасы аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасы аумағы арқылы транзиттеуге қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
3-қосымша

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге қорытындыға мәліметтер нысаны

Жалпы ақпарат

1. Көрсетілетін қызметті алушы _____

(заңды немесе жеке тұлға)

2. жеке-сәйкестендіру нөмірі / бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

3. жеке тұлға/заңды тұлға/жеке кәсіпкер тұлға атауы _____

4. Лицензиялау-рұқсат беру жүйесінің объектісін тексеру актісінің нөмірі _____

Тексеру аяқталған күн _____

Тексеру қорытындысы бойынша қабылданған шешім _____

5. Объектінің (үй-жайдың меншік құқығындағы немесе жалға алынған) кадастрлық нөмірі _____

Есептік құжаттама _____

6. Қаруды қабылдау тапсыруды есепке алу журналын бастаған күн _____
(лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің мөрі басылған)

Журналдың түгендеу нөмірі _____

7. Қару мен оның патрондарының келіп түсуін және сатылуын есепке алу журналын

бастаған күн _____

(лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің мөрі басылған)

Журналдың түгендеу нөмірі _____

8. Кәсіпорындарда, мекемелер мен оқу орындарында қару мен оның патрондарын

есепке алу журналын бастаған күн _____

(лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің мөрі басылған)

Журналдың түгендеу нөмірі _____

9. Қызмет түріне арналған лицензияның нөмірі, берілген күні, оны берген органның

атауы _____

10. Соңғы пайдаланушының импорт сертификатының нөмірі, берілген күні, оны берген

органның атауы _____

11. Қару моделінің (патрондардың типтері) және пайдаланылатын патрондардың атауы

мен белгіленуі туралы ақпарат, негізгі техникалық көрсеткіштері, қаруды дайындаушы ел мен

фирманың атауы (қару кадастрға енгізілмеген жағдайда) _____

12. Жауапты адамды тағайындау, қаруды бекіту, спортшыны іссапарға жіберу туралы

бұйрықтың нөмірі, қол қойылған күні _____

Заңды және жеке тұлғаның қызметкері туралы мәліметтер _____

Өтінім берген күн _____

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 24 сәуірдегі
№ 395 бұйрығына
5-қосымша

"Жеке және заңды тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты 1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 30.11.2018 № 867 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Жеке және заңды тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің аумақтық бөліністері (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру " электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі - Портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері 15 (он бес) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын Портал арқылы алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны - электрондық түрде (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі - қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға рұқсат осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайлар мен негіздемелер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі:

Мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін "Салық және өзге бюджеттік міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 615-бабына сәйкес мемлекеттік баж алынады, ол:

заңды тұлғаларға азаматтық және/немесе қызметтік қару мен оның патрондарын сақтау немесе сақтау мен алып жүру құқығына рұқсат беру үшін мемлекеттік бажды төлеу күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жүз пайызын;

заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсат беру үшін мемлекеттік бажды төлеу күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі жүз пайызын;

жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға рұқсат беру үшін мемлекеттік бажды төлеу күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіштің елу пайызын;

жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сақтау немесе сақтау мен алып жүру құқығына рұқсат беру үшін мемлекеттік бажды төлеу күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіштің елу пайызын;

жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын тасымалдауға рұқсат беру үшін мемлекеттік бажды төлеу күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он пайызын;

жеке және заңды тұлғаларға азаматтық, қызметтік қарудың әрбір бірлігін тіркеу және қайта тіркеу үшін мемлекеттік бажды төлеу күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он пайызын құрайды.

8. Жұмыс кестесі Порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не заңды тұлғалар үшін оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі Портал арқылы:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанында сұрау салу;

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган берген, қаруды иемденуге қарсы көрсетпелердің болмауы туралы медициналық қорытындының электрондық көшірмесі (Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілерін, арнаулы атақтары бар арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін қоспағанда);

қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білуіне тексеруден өту туралы анықтаманың электрондық көшірмесі;

2) азаматтық қаруды сатып алуға рұқсат алу үшін:

аңшы куәлігінің электрондық көшірмесі (аң аулау құқығына мемлекеттік баждың төленгені туралы белгісі бар);

туристік жолдамалар, жеке және қызметтік істері бойынша Қазақстан Республикасына келген және Қазақстан Республикасының аумағында тұру үшін ішкі істер органдарында тіркелген шетелдіктерге өздері сол елдердің азаматтары болып табылатын мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің өтініштері, сатып алған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге әкететін жағдайда;

кемінде бір жыл мерзімге Қазақстан Республикасының аумағында тұру үшін ішкі істер органдарында тіркелген шетелдіктерге өздері сол елдердің азаматтары болып табылатын мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің өтініштерінің электрондық көшірмесі (тегіс ұзын ұңғылыны қоспағанда, өзін-өзі қорғау азаматтық қаруын сатып алуға рұқсат алу үшін);

3) азаматтық және қызметтік қаруды сатып алуға арналған рұқсатты алу үшін :

қару мен оның патрондарын сатып алуға және сақтауға жауапты адамды тағайындау туралы бұйрықтың электрондық көшірмесі;

жеткізілетін қару мен оқ-дәрілердің нақты түрлері мен модельдерін және олардың санын көрсете отырып, қару және (немесе) оның патрондарын жеткізуге немесе сатып алуға арналған шарттың (келісімшарттың) электрондық көшірмесі (қаруды әкелуді жүзеге асыратын заңды тұлғалар үшін) не қару мен оның патрондарын сатып алу-сату шарты (келісімшарты) (Қазақстан Республикасының аумағында қару саудасын жүзеге асыратын заңды тұлғалар үшін);

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның жарақат салатын әсері бар патрондары бар қарудың және электр қаруының көрсетілген қарудың

зақымдағыш факторларының адамға тигізетін жол берілген әсерінің белгіленген нормаларына сәйкестігі туралы қорытындының (қаруды сатуды жүзеге асыратын ұйым оны сатып алуға ниет білдірген кезде) электрондық көшірмесі;

4) азаматтық қаруды сақтауға немесе сақтау мен алып жүруге рұқсат алу үшін :

ойық ұңғылы аңшылық атыс қаруды дүкенде алғашқы сатып алу кезінде және кейіннен әрбір 5 жыл сайын оны қайта тіркеу кезінде сатып алынған ойық ұңғылы аңшылық атыс қаруының оқтары мен гильзаларының бақылау атылуы туралы актінің электрондық көшірмесі;

5) қызметтік қаруды сақтауға рұқсат алу үшін:

сақтауға не ішкі істер органдарының талаптарына сәйкес келетін үй-жайды жалға алуға арналған шарттың электрондық көшірмесі;

6) заңды тұлға қызметкерлерінің қызметтік қаруды сақтау мен алып жүруге рұқсат алуы үшін:

заңды тұлға қызметкерлерінің кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парағының (сауалнама) электрондық көшірмесі;

күзетшілерді даярлау (біліктілігін арттыру) жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтары берген күзетші ретінде жұмыс істеу үшін даярлықтан өткенін растайтын куәліктің электрондық көшірмесі (күзеті қызметі субъектілері үшін);

7) азаматтық және қызметтік қаруды тасымалдауға рұқсат алу үшін:

меншік құқығындағы немесе аумақтық көліктік бақылау органы берген қауіпті жүкті тасымалдауды жүзеге асыруға арнайы рұқсаты бар жабық автомашинаны жалға алу құқығын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде);

жарыстар немесе жиындар өткізу орны бойынша арнайы жабдықталған үй-жайдың болуын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде);

күзет қызметін көрсету жөніндегі шарттың электрондық көшірмесі;

8) азаматтық қаруды тасымалдауға рұқсат алу үшін (азаматтық қаруды үшінші адам тасымалдаған кезде):

қару иесінің үшінші адамға қаруды тасымалдау құқығына берген нотариалды куәландырылған сенімхатының электрондық көшірмесі;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға рұқсатқа мәліметтер нысаны.

Жеке басын куәландыратын құжаттардың, ішкі істер органдарының талаптарына сәйкес келетін қызметтік қаруды сақтау және сату үшін арнайы жабдықталған үй-жайдың меншік құқығын немесе жалға алуын растайтын, тегіс ұңғылы аңшылық қару бұл адамның заңды иелігінде кемінде үш жыл

болғандығын растайтын (ойық ұңғылы аңшылық атыс қаруды сатып алу кезінде) ішкі істер органдары берген қаруды сақтау және алып жүруге рұқсаттар туралы, қаруды иелену құқығы туралы, қаруды сату жөніндегі мамандандырылған дүкендерде сатып алынған қару туралы, соттылығының, әкімшілік құқық бұзушылықтардың жоқтығы туралы мәліметтерін, мемлекеттік баждың төленгені, автомобиль көлігімен тасымалдау бағытында жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкелетті органмен келісім туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден электрондық үкімет "шлюзі" арқылы алады.

Азаматтық қару иелерінің қаруды сақтау шарты, қару сақтауға арналған үй-жайдың Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 тамыздағы № 1176 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы қару мен оның патрондары айналымының ережесінің (бұдан әрі - № 1176 қаулы) 7, 9-тармақтарының қару мен оның патрондарын сақтау тәртібі, сақталуы және есепке алу бойынша, сондай-ақ ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша есепке алу бойынша талаптарына сәйкестігін тексерісті ішкі істер органдарының қызметкері көрсетілетін қызметті алушы өтініш бергеннен кейін тексереді.

Қару сақталатын объектінің орналасқан орны өзгерген кезде көрсетілетін қызметті беруші қару сақтауға арналған үй-жайдың № 1176 қаулының 7, 9-тармақтарының қару мен оның патрондарын сақтау, сақталуы және есепке алу жөніндегі тәртібі талаптарына сәйкестігін тексереді.

Көрсетілетін қызметті беруші азаматтық және қызмет қаруды сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға электрондық түрдегі берген рұқсат азаматтың жеке басын куәландыратын құжатты (заңды тұлғалар үшін, жауапты адамның жеке басын куәландыратын құжатты) көрсеткен кезде жарамды.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыдан мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім алады.

10. Мыналар:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін құжаттарды ұсынуы;

3) көрсетілетін қызметті алушыда:

тұрақты тұрғылықты жерінің болмауы;

қаруды сақтау үшін тиісті жағдайлардың болмауы;

қаруды иемденуге қарсы көрсетпелердің жоқ екені туралы медициналық қорытындының;

қаруды қауіпсіз қолдану қағидаларын білуін тексеруден өткенін растайтын құжаттың болмауы;

4) рұқсаттан ерікті түрде бас тартуы не қару иесінің қайтыс болуы;

5) жасаған қылмысы үшін өтелмеген немесе заңмен белгіленген тәртіпте алынбаған соттылығының болуы;

6) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімі бабының тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазасының ең төменгі мерзімі аяқталғанға дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босауы;

7) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127, 128, 131, 382, 434, 437, 438, 440, 443, 444, 448, 450, 453, 462, 476, 477, 478, 481, 482, 484, 485, 485-1, 486, 487, 489, 490, 492, 493, 506-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтың бір жыл ішінде қайталануы;

8) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 287 (бірінші бөлігінде), 288 (төртінші бөлігінде), 289, 296 (бірінші бөлігінде), 337 (бірінші және екінші бөліктерінде), 346 (бірінші бөлігінде), 379 (бірінші бөлігінде), 389 (бірінші және екінші бөліктерінде) баптарында көзделген қылмыстық теріс қылық және Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73, 436, 453 және 461-баптарына көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасауы;

9) азаматтық және қызметтік қару иесін немесе пайдаланушысын қаруды қауіпсіз қолдану қағидаларын білуін тексеруге жолдау туралы қаулыны алған күннен бастап екі ай ішінде қаруды қауіпсіз қолдану қағидаларын білуін тексеру үшін емтихан тапсырмауы;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген рұқсаттар алу мүмкіндігін болдырмайтын мән-жайлардың пайда болуы;

11) азаматтық немесе қызметтік қару иесінің көрсетілген қарудың конструкциясын оның баллистикалық және басқа да техникалық сипаттамаларының өзгеруіне әкеп соғатындай етіп қайта жасауы;

12) азаматтық және қызметтік қарудың азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы саласындағы техникалық регламенттерге, сондай-ақ криминалистикалық талаптарға сәйкес келмеуі;

13) егер адам экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есебінде тұрса;

14) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынған материалдары, объектілер, деректер мен мәліметтер № 1176 қаулысының құжаттар тізбесінде белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;

15) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметке немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімі (үкімі) болса;

16) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі бар, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алумен байланысты арнайы құқықтан айырылса;

17) өтінім берген азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары санының тиісілік нормалары бойынша сәйкес келмеуі (заң тұлғалары үшін) мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіздер болып табылады.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым:

1) Министрліктің www.mvd.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген мекенжай бойынша тиісті көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына;

2) Министрліктің Әкімшілік полиция комитеті басшысының атына;

3) Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта бойынша не болмаса Портал арқылы көрсетілетін не қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымның қабылданғанын растау оны көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымның жауабын алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап (5) бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды Портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинетінен" жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті беруші жүгінуді өңдеу барысында (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті алушы қол қоятын шағымда:

1) жеке тұлғаның - оның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), почталық мекенжайы;

2) заңды тұлғаның - оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жолданады не көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы электронды жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен" жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады, ол өңдеу барысында (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау және қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте сотқа жүгінуге құқығы бар.

4-тарау. Мемлекеттік қызметті электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.mvd.gov.kz интернет-ресурсында, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті Портал арқылы электрондық нысанда алады.

15. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Порталдағы "

жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 71-41-36, 72-21-88, 72-26-31, 72-22-16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығының телефоны: 1414.

"Жеке және заңды тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

Жеке тұлғаның азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға рұқсат алуға өтініші

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

Кімнен _____

(жеке тұлғаның тегі, аты, әжесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

(қарудың түрі, типі, нөмірі және саны көрсетіледі)

байланысты

(қажеттілігі себебін көрсету)

Азаматтық қаруды сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсат беруіңізді

(керегінің асты сызылады)

Жеке тұлғаның тұрғылықты мекенжайы, қаруды сақтауға жағдайдың бар-жоғы

(пошталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы,

үйдің/ғимараттың нөмірі, қаруды сақтауға арналған сейфтің бар-жоғы)

_____ дан _____

_____ дейін

(қаруды тасымалдау кезінде қаруды жөнелту және жеткізу пунктін көрсету)

Электрондық поштасы _____

_____ Телефоны _____

_____ Факс _____

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен күзетілетін құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін Осымен көрсетілген барлық деректердің ресми

байланыстар болып табылатыны және оларға қорытынды беру немесе беруден бас тарту

мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны расталады.

Жеке тұлғаның ЭЦҚ _____

_____ Толтырған күні: 20__ жылғы " ____ " _____

"Жеке және заңды тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

Заңды тұлғаның азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға рұқсат алуға өтініші

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

Кімнен _____

_____ (заңды тұлғаның толық атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі)

_____ байланысты

(рұқсат алу себебін көрсету)

Қызметтік қаруды сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсат беруіңізді

сұраймын _____

_____ (қарудың түрін, типін, моделін, нөмірін және санын көрсету, керегінін астын сызу)

_____ -дан _____

_____ дейін

(қаруды тасымалдау кезінде қаруды жөнелту және жеткізу пунктін көрсету)

Заңды тұлғаның мекенжайы _____

_____ (пошталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен,

_____ көше атауы, үйдің/ғимараттың нөмірі, қаруды сақтауға арналған сейфтің бар-жоғы)

_____ Электрондық поштасы _____

_____ Телефоны _____

_____ Факс _____

_____ Қызметті жүзеге асыру мекенжайы _____

_____ (пошталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен,

_____ көше атауы, үйдің/ғимараттың нөмірі, қаруды сақтауға арналға сейфтің бар-жоғы)

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен күзетілетін құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін

Осымен көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және

оларға қорытынды беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты

жіберуге болатыны расталады.

Заң тұлғаның басшысы ЭЦҚ _____

Толтырған күні: 20__ жылғы " ____ " _____

"Жеке және заңды тұлғаларға
азаматтық қару мен оның
патрондарын сатып алуға,
сақтауға, сақтау мен
алып жүруге, тасымалдауға
рұқсат беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
3-қосымша

**Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға,
сақтауға, сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға рұқсатқа мәліметтер
нысаны**

Жалпы ақпарат

1. Көрсетілетін қызметті алушы _____

_____ (заңды және жеке тұлға)

2. Жеке сәйкестендіру нөмірі / бизнес сәйкестендіру нөмірі _____

3. Жеке тұлғалар/заңды тұлғалар/жеке кәсіпкер атауы _____

4. Лицензиялау-рұқсат беру жүйесінің объектісін тексеру актісінің нөмірі _____

Тексеру аяқталған күн _____

Тексеру қорытындысы бойынша қабылданған шешім _____

5. Объектінің (үй-жайдың) кадастрлық нөмірі _____

Есептік құжаттама _____

6. Қаруды сақтауға, тасымалдауға, бекітуге жауапты адамды тағайындау туралы

бұйрықтың нөмірі, қол қойылған күні _____

(лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің мөрі басылған)

Журналдың түгендеу нөмірі _____

7. Қаруды қабылдау - тапсыруды есепке алу журналын бастаған күн _____

(керегінің астын сызу)

8. Кәсіпорындарда, мекемелер мен оқу орындарында қару мен оның патрондарын

есепке алу журналын бастаған күн _____

(лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің мөрі басылған)

Журналдың түгендеу нөмірі _____

9. Азаматтық және қызметтік қару сатып алуға сәйкестендіру нөмірі _____

10. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органмен келісілген

қозғалыс бағытының қару мен оның патрондарын автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде

сәйкестендіру нөмірі _____

11. Қызметтік қаруды пайдалануға құқығы бар ұйымдарға жатқызу туралы мәліметтер

Заңды және жеке тұлғаның қызметкері туралы мәліметтер _____

Өтініш берген күн _____

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 24 сәуірдегі
№ 395 бұйрығына
6-қосымша

"Жарылғыш материалдарды сақтауға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 16.03.2017 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 24 сәуірдегі
№ 395 бұйрығына
7-қосымша

"Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасаған бұйымдарды сатып алуға, сақтауға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. Стандарттың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.03.2017 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

1. "Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасаған бұйымдарды сатып алуға, сақтауға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.03.2017 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі;
- 2) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі - Портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған, сондай-ақ Порталға жүгінген сәттен бастап:

жүгіну кезінде оны қарау үшін өзге субъектілерден, лауазымды тұлғалардан ақпарат алу немесе жергілікті жерге шыға отырып, тексеру қажет болмаса – күнтізбелік он бес күн;

жүгіну кезінде оны қарау үшін өзге субъектілерден, лауазымды тұлғалардан ақпарат алу немесе жергілікті жерге шыға отырып, тексеру қажет болса – күнтізбелік отыз күн.

Қосымша зерделеу немесе тексеру жүргізу қажет болған жағдайларла қарау мерзімі кемінде күнтізбелік отыз күнге ұзартылады, ол туралы қарау мерзімі ұзартылған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде көрсетілетін қызметті алушыға қолма-қол, почта байланысы немесе портал арқылы хабарланады.

Егер өтініште баяндалған мәселелерді шешу қосымша мерзімді қажет етсе, онда өтініш әбден орындалғанға дейін қосымша бақылауға қойылады, ол туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде көрсетілетін қызметті алушыға қолма-қол, почта байланысы немесе портал арқылы хабарланады;

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық еместігі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан бас тартады;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін рұқсат етілетін ең ұзақ уақыт – 30 (отыз) минут;

көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасаған бұйымдарды сақтауға берілген рұқсат.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және қағаз түрінде.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген жағдайда көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесі қағаз жеткізгіште ресімделеді және көрсетілетін қызметті беруші басшысының қолымен және мөрімен куәландырылады, бұл ретте көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамы электрондық цифрлық қолмен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған көрсетілген қызмет нәтижесін порталға тіркейді.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде рұқсат беру құжатының дайындығы туралы хабарлама көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.

7. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақысыз негізде көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес, демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден бастап 18.30-ға дейін көрсетіледі. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден бастап 18.30-ға дейін көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі;

2) Порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы, көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алуға, сақтауға рұқсат алу үшін заңды тұлғаның өтініші;

пиротехникалық заттар мен бұйымдарға қолжетімділікке үміткер адамда мәлімделген қызметті жүзеге асыруға байланысты қарсы көрсетпелердің (психикалық ауру, алкогольизм немесе нашақорлық) жоқтығы туралы медициналық анықтама;

Қосымша:

азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алуға рұқсат алу үшін:

пиротехникалық заттар мен бұйымдарды сатып алуға жауапты адамдарды (адамды) тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі;

ерекшілігімен қоса бере отырып, пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды жеткізу шартының (келісімшарт) көшірмесі.

пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтауға рұқсат алу үшін:

дайын пиротехникалық өнімді сақтауға арналған қойманы жалға алу құқығын растайтын құжаттар;

2) порталға:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуы;

пиротехникалық заттар мен бұйымдарға қолжетімділікке үміткер адамда мәлімделген қызметті жүзеге асыруға байланысты қарсы көрсетпелердің (психикалық ауру, алкоголизм немесе нашақорлық) жоқтығы туралы медициналық анықтаманың электрондық көшірмесі;

Қосымша:

азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алуға рұқсат алу үшін:

пиротехникалық заттар мен бұйымдарды сатып алуға жауапты адамдарды (адамды) тағайындау туралы бұйрықтың электрондық көшірмесі;

ерекшілігімен қоса бере отырып, пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды жеткізу шартының (келісімшарт) электрондық көшірмесі.

пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтауға рұқсат алу үшін:

дайын пиротехникалық өнімді сақтауға арналған қойманы жалға алу құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтауға арналған рұқсатқа мәліметтер нысаны.

Жеке басын куәландыратын құжаттар, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату, пайдалану және сатып алу жөніндегі лицензияның, дайын пиротехникалық өнімді сатуға арналған арнайы жабдықталған үй-жайлардың және сақтауға арналған қойманың меншіктік құқығын, соттылығының жоқтығын растайтын құжаттар туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші электрондық үкімет "шлюзі" арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Пиротехникалық заттар мен бұйымдарды сақтау үшін үй-жайдың Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 319 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11193 болып тіркелген) (бұдан әрі – 319 Бұйрық) Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алу, сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, жою, әкелу, әкету қағидаларының талаптарына сәйкес келуін ішкі істер органдарының қызметкері көрсетілетін қызметті алушы өтініш бергеннен кейін тексереді.

Көрсетілетін қызметті беруші, егер өзгесі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмесе көрсетілетін қызметті алушыдан мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім алады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.03.2017 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

9-1. Мыналар:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтердің 319 Бұйрықпен бекітілген талаптарына сәйкес келуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметке немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алумен байланысты арнайы құқықтан айырылуы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіздер болып табылады.

Ескерту. Стандарт 9-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 16.03.2017 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның уәкілетті лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым:

1) Министрліктің www.mvd.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген мекенжай бойынша тиісті көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына;

2) Министрліктің Әкімшілік полиция комитеті басшысының атына;

3) Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы не болмаса көрсетілген қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымның қабылданғанын растау оныкөрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі мен

аты-жөнін, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің атына түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта бойынша жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды Портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинетінен" жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады, ол өңдеу барысында (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, шағымды қарау және қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті алушы қол қоятын шағымда:

1) жеке тұлғаның – оның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), почталық мекенжайы;

2) заңды тұлғаның – оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта байланысы арқылы жолданады немесе көрсетілетін қызметті берушінің не Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі .

Портал арқылы электрондық жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен" жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады, ол өңдеу барысында (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, шағымды қарау және қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.mvd.gov.kz интернет-ресурсында, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті" арқылы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 71-43-03, 71-41-36. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны: (1414).

Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасаған бұйымдарды сатып алуға, сақтауға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - – ҚР Ішкі істер министрінің 16.03.2017 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

Заңды тұлғаның азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасаған бұйымдарды сатып алуға, сақтауға рұқсат алуға өтініші

(көрсетілетін қызмет берушінің толық атауы)

(заңды тұлғаның толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасаған бұйымдарды сатып сатып

алуға, сақтауға рұқсат беруіңізді сұраймын _____

(атауын, санын, салмағын, өлшемін көрсету)

Электрондық пошта _____

Телефондар _____

Факс _____

Қызметін жүзеге асыратын мекенжайы _____

(пошталық индексі, облыс, қала,

аудан, елді мекен, көше атауы, үй/ғимарат, (стационарлық үй-жай) нөмірі)

_____ парақ қоса беріледі.

Осы арқылы: көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және

оларға рұқсат беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты

жіберуге болатыны расталады.

Басшы _____

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөр орны

Толтырған күні: 20__жылғы " " _____

"Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасаған бұйымдарды сақтауға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға рұқсатқа мәліметтер нысаны

Жалпы ақпарат

1. Көрсетілетін қызметті алушы _____

(заңды тұлға)

2. ЖСН/БСН _____

3. ЗТ атауы _____

4. Пиротехникалық заттар мен бұйымдарға рұқсат алуға үміткердің тегі,
аты әкесінің аты (болған жағдайда), ЖСН _____

5. Лицензиялау-рұқсат беру жүйесінің объектісін тексеру актісінің
нөмірі _____

Тексеру аяқталған күн _____

Тексеру қорытындысы бойынша қабылданған шешім _____

6. Объектінің (үй-жайдың) кадастрлық нөмірі _____

Есептік құжаттама _____

7. Пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың
және олардың құрамдас бөлшектерінің дайын өнімін есепке алу кітабының
басталған күні _____

(лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің мөрі басылған)

Кітаптың түгендеу нөмірі _____

8. Пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың
дайын өнімін көтерме тұтынушыларға босатуды есепке алу кітабының
басталған күні _____

(лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің мөрі басылған)

Кітаптың түгендеу нөмірі _____

9. Қызмет түріне лицензия берген органның атауы, оның нөмірі,
берілген күні _____

10. Сақтауға жататын пиротехникалық заттар мен бұйымдардың атауы және
саны (салмағы, өлшемі) _____

11. Қаруды сақтауға, тасымалдауға, бекітуге жауапты адамды тағайындау
туралы бұйрықтың нөмірі, күні _____

(керегінің астын сызу)

Өтінішті қабылдаған лауазымды адамның жауапкершілігі _____

Өтініш берген күн _____

(лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 24 сәуірдегі
№ 395 бұйрығына
8-қосымша

"Атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашу және олардың жұмыс істеуіне рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты 1-тарау . Жалпы ережелер

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 30.11.2018 № 867 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашу және олардың жұмыс істеуіне рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің аумақтық бөліністері (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру " электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі - Портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері 15 (он бес) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын Портал арқылы алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны - электрондық түрде (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі - атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашу және олардың жұмыс істеуіне рұқсат.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық түрде.

Рұқсат беру құжатының әзірлігі туралы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" Портал арқылы жолданады.

7. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) ақысыз негізде көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі Порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі Портал арқылы:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанында сұрау салу;

кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақтың электрондық көшірмесі;

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген қаруды иеленуге қарсы көрсетпелердің жоқтығы туралы медициналық қортындылардың электрондық көшірмесі;

қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын білетіндігін тексеру туралы анықтаманың, атыс бойынша нұсқаушының арнайы даярлығынан өткенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

орналасқан схемасын қамтитын меншік нысаны көрсетілген материалдық-техникалық базасы жоспарының электрондық көшірмесі;

ашық атыс тирлеріне (атыс орындарына) арналған аумақтардың;

мамандандырылған ғимараттардың (атыс тирлері (атыс орындары), стендтер үшін) орналасқан жерінің;

үй-жайлардың орналасқан жерінің схемасын қамтитын меншік нысаны көрсетілген материалдық-техникалық базасы жоспарының электрондық көшірмесі;

Халықаралық спорт атысы федерациясының нормалары мен ережелеріне сәйкестігі туралы "Қазақстан спорт атысы федерациясы" қоғамдық бірлестігі қорытындысының электрондық көшірмесі (атыс тирлерін (атыс орындарын) және оқу-жаттығуға арналған стендтерді ашқан жағдайда);

осы көрсетілетін мемлекеттік қызмет стандартқа 2-қосымшаға сәйкес атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашу және олардың жұмыс істеуіне берілген рұқсатқа мәліметтер нысаны.

Көрсетілетін қызметті беруші жеке басын куәландыратын құжаттардың, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы куәлігі, соттылығының, әкімшілік құқық бұзушылықтың жоқтығы туралы анықтама туралы мәліметтерді тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден электрондық үкімет "шлюзі" арқылы алады.

Атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтердің Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 365 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11219 болып тіркелген) атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашу және олардың жұмыс істеу қағидаларының талаптарына сәйкес (бұдан әрі - № 365 Бұйрық) келуін, сондай-ақ ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша есепке алу бойынша ішкі істер органдары қызметкері өтініш бергеннен кейін тексереді.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады.

10. Мыналар:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін құжаттарды ұсынуы;

3) көрсетілетін қызметті алушыда:

тұрақты тұрғылықты жерінің болмауы;

қаруды сақтау үшін тиісті жағдайлардың болмауы;

қаруды иемденуге қарсы көрсетпелердің жоқ екені туралы медициналық қорытындының;

қаруды қауіпсіз қолдану қағидаларын білуін тексеруден өткенін растайтын құжаттың болмауы;

4) рұқсаттан ерікті түрде бас тартуы не қару иесінің қайтыс болуы;

5) жасаған қылмысы үшін өтелмеген немесе заңмен белгіленген тәртіпте алынбаған соттылығының болуы;

6) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімі бабының тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазасының ең төменгі мерзімі аяқталғанға дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босауы;

7) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127, 128, 131, 382, 434, 437, 438, 440, 443, 444, 448, 450, 453, 462, 476, 477, 478, 481, 482, 484, 485, 485-1, 486, 487, 489, 490, 492, 493, 506-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтың бір жыл ішінде қайталануы;

8) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 287 (бірінші бөлігінде), 288 (төртінші бөлігінде), 289, 296 (бірінші бөлігінде), 337 (бірінші және екінші бөліктерінде), 346 (бірінші бөлігінде), 379 (бірінші бөлігінде), 389 (бірінші және екінші бөліктерінде) баптарында көзделген қылмыстық теріс қылық және Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73, 436, 453 және 461-баптарына көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасауы;

9) азаматтық және қызметтік қарудың иесін немесе пайдаланушысын қаруды қауіпсіз қолдану қағидаларын білуін тексеруге жолдау туралы қаулыны алған күннен бастап екі ай ішінде қаруды қауіпсіз қолдану бойынша білімін тексеру үшін емтихан тапсырмауы;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген рұқсаттар алу мүмкіндігін болдырмайтын мән-жайлардың пайда болуы;

11) азаматтық немесе қызметтік қару иесінің көрсетілген қарудың конструкциясын оның баллистикалық және басқа да техникалық сипаттамаларының өзгеруіне әкеп соғатындай етіп қайта жасауы;

12) азаматтық және қызметтік қарудың азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы саласындағы техникалық регламенттерге, сондай-ақ криминалистикалық талаптарға сәйкес келмеуі;

13) егер адам экстремизмге, терроризмге немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес желісі бойынша ішкі істер және (немесе) ұлттық қауіпсіздік органдарының есебінде тұрса;

14) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректер мен мәліметтердің № 365 бұйрығымен белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

15) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметке немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алууды талап ететін қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

16) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алумен байланысты арнайы құқықтан айырылуы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіздер болып табылады.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің

және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым:

1) Министрліктің www.mvd.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген мекенжай бойынша тиісті көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына;

2) Министрліктің Әкімшілік полиция комитеті басшысының атына;

3) Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта бойынша не болмаса Портал арқылы көрсетілетін не қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымның қабылданғанын растау оны көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымның жауабын алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап (5) бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды Портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинетінен" жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті беруші жүгінуді өңдеу барысында (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жанартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті алушы қол қоятын шағымда:

1) жеке тұлғаның - оның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), почталық мекенжайы;

2) заңды тұлғаның - оның атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жолданады не көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы электронды жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен" жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады, ол өңдеу барысында (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау және қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте сотқа жүгінуге құқығы бар.

4-тарау. Мемлекеттік қызметті электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.mvd.gov.kz интернет-ресурсында, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті Портал арқылы электрондық нысанда алады.

15. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде Порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 71-41-36, 72-21-88, 72-26-31, 72-22-16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығының телефоны: 1414.

"Атыс тирлері (атыс орындары)
мен стендтерін ашу және
олардың жұмыс істеуіне рұқсат
беру" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
1-қосымша

Атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашуға рұқсат алуға өтініш

(ішкі істер органының толық атауы)

Кімнен _____

(заңды тұлғаның толық атауы, бизнес-сәйкестіндіру нөмірі)

(атыс тирлері (атыс орындары) немесе стендтерді көрсету)
ашуға және оның жұмыс істеуіне рұқсат беруіңізді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы _____

(пошталық индексі, облыс, қала, аудан,

елді мекен, көшенің атауы, үйдің /ғимараттың (стационарлық үй-жай) нөмірі)

Электрондық пошта _____

Телефондар _____

Факс _____

Банктік есепшоты _____

(есеп шоттың нөмірі, банктің атауы және орналасқан орны)

Қызметті жүзеге асыратын мекенжайы _____

(пошталық индексі, облыс, қала, аудан,

елді мекен, көшенің атауы, үйдің/ғимараттың (стационарлық үй-жай) нөмірі)

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен күзетілетін құпияларды құрайтын
мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Осымен:

көрсетілген деректердің бәрі ресми байланыстар болып табылатыны және
оларға атыс

тирлерін (атыс орындарын) немесе стендтерді ашу және олардың жұмыс істеу
құқығына

рұқсат беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген
ақпаратты жіберуге

болатыны;

көрсетілетін қызметті алушыға өтініш берілген қызмет түрімен айналысуға
СОТТЫҢ

тыйым салмағаны;

қоса берілген құжаттардың бәрі шындыққа сәйкес келетіні және жарамды
болып

табылатыны расталады.

Заң тұлғаның басшысы ЭЦК _____

Толтырған күні: 20__ жылғы "____" _____

"Атыс тирлері (атыс орындары)
мен стендтерін ашу және
олардың жұмыс істеуіне рұқсат
беру" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
2-қосымша

Атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашуға рұқсатқа мәліметтер нысаны

Жалпы ақпарат

1. Көрсетілетін қызметті алушы _____

(заңды тұлға)

2. Бизнес-сәйкестіндіру нөмірі _____

3. Заң тұлғаның атауы _____

4. Атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерінің жұмыс істеуіне жауапты
және қаруға

рұқсаты бар адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке
сәйкестендіру

нөмірі _____

5. Сақтауға жауапты адамды тағайындау туралы бұйрықтың нөмірі, қол
қойған күні

6. Техникалық нығайтылуын, күзет және өрт сигнализациясының бар-жоғын,
өткізу

режимін, қару мен оның патрондарын сақтау жағдайларын сипаттау;

Заң тұлға жұмысшылардың мәліметтері _____

Өтініш берген күн _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ